

4. Бөжиг Ж., Кулейменов А.Ж. Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық ойын түрлерінің тәсілдерін пайдалану. Монография. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2016,- 88б.

Қарақов А. Қ., Төлегенұлы Н., Азірбайжан Е. Н.,
Нүсіпақын А.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЯТШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Аң аулау адамзат пен бірге сонау тас дәуірінен бірге келе жатқан өнер десек жаңылыса қоймаспыз. Ол адам қызметінің бір түрі ретінде талай ғасырлар бойы қалыптасты, адамның ақыл-ойының дамуына әсер етті, адамның бойындағы шыдамдылық, күш, айлакерлік, із кесу сияқты қасиеттерді дамытты, қоршаған табиғат тылсымын білуге, түсінуге баулыды.

Алғашқы қауымдық қоғамда аңшылық тұрмыс - тіршіліктің көзі ретінде қалыптасты. Өзен - теңіз, мұхит жағалауында тұрған халықтар балық аулауды дамытты, таулы, далалық жерлерде тұратындар аң аулаудың басқа түрлерін үйренді. Жалпы алғанда аңшылық тұрмыс - тіршілік көзінің бірі болып есептеліп қоғамның дамуына игі әсерін тигізді. Бірте - бірте егіншіліктің, басқа да тұрмыс көздерінің пайда болуына байланысты бұл өнер сән - салтанатқа, көңіл көтеруге, демалысқа айналды[1].

Аңшылықтың бір түрі саят (саятшылық) - жыртқыш құстарды аң - құстарға салу далалық көшпелі халықтарда өте ерте заманнан дамыған өнер. Археологиялық қазба жұмыстары ежелгі Тұранды мекендеген тайпалар құс салуды тіпті қола дәуірінен менгергенін көрсетеді. Тарих пен мәдениеттің тұрғысынан қарағанда саятшылықтың дамуы мен тарихы өте қызықты[2].

Қазақ саятшылары бүркіт, бидайық, сұңқар, қаршыға, бөктергі, ителгі, лашын, сапсаң сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, баптап, өздерінің шамасы жететін аң-құстарға түсуді үйреткен. Бұл өнер қазақ, қырғыз, араб ішінара түркімен халықтарының арасында дамыған. Бірақ құстың қылығын, мінезін түсінетін қазақ сияқты халық жұмыр жерде некен - саяқ. Мысалы, сұңқар салуды көшпелілерден арабтар үйренген бұл өнер кейін кіресшілер жорығынан кейін Еуропа елдерінде пайда болған. Көшпелілер мәдениетінің мұрагері қазақ халқы саятты тұрмыстық пайдасы бар тіршілік көзін айыратын өнер ретінде де, көңіл көтеретін табиғатпен етене араласатын спорт түрі ретінде де қараған[3].

Енді кейбір жыртқыш құстарға тоқталайық. Қазақ халқы ерекше бағалайтын құс - бұл бүркіт. Оның түсі қара - қоныр келеді. Орташа салмағы 2840-4100гр. шамасында. Тұрқы 95 сантиметр, қанатын жайғанда 2 метрді қаусырады. Қанаттарының шеткі қауырсындарын шалғысы деп, ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсының көбесі деп, ал қалғандарын жібесі деп атайды. Аяғы төрт саусақты, оның артқысы тегеуірін, ішкісі жембасыр, ортанғысы сығым, шеткісі шенгел деп аталады. Қазақстанда бүркіттің тараған жерлері Алтай, Алатау, Тарбағатай, Сарыарқаның таулары (Көкшетау, Қарқаралы, Ұлытау) Сырдарияның бойында сексеуіл өсетін жерлер, Арал теңізінің жағалаулары, Үстірт. Қазақтар бүркітті ерте кезден баулап оны түлкіге, қоянға салған, ал бабына келген құспен қасқыр, елік, қара құйрық, ақбөкен сияқты ірі аңдарды да аулаған[4].

Бүркіт кесек қауырсынды, ұсақ қауырсынды болып бөлінеді. Кейде оларды тораңғы жапырақ жүнді, тал жапырақ жүнді деп те атайды. Қаршыға қанат, сұңқар қанат, сауысқан құйрық, қара қасқа, ақнық, қантамар, текжүн, сары шуда, ақбұршақ, қандыбалақ, мұзбалақ деген құстың түріне тән атаулардың бәрі құстық түсі мен түгіне байланысты атаулардың бәрі де құстың сынына байланысты айтылады.

Бүркіттің бармақтай басына арналған теңеулер де аз емес - жыланбас, бақабас, кешкілбас, жырық езу, қылыш тұмсық сияқты т.б. теңеулер орын алған.

Бүркіттің көзі өткір, алыстағаны көреді. Егер адамның көзі 200 м. қашықтықтағы затты ажырата алатын болса, бүркіт 800 - 1000 м. қашықтықта жүгіріп бара жатқан тышқанды көре алады. Көзіне байланысты қыран құстарды ақ шегір, көк шегір, қара көз, қануы көз, құмды көз деп те атайды. Қалай десек те бүркіттің көзі от шашып, жаңары жалындап тұрады.

Бүркіттің титімдей тілі де құс сырын баяндайды. Баптың артық кемін елемейтін, талғамы аз, «қанға тоймас қара тіл», баптың азын да көбін де ұнатпайтын «қызыл тіл», бабын таппасақ жүз құбылып, қалтылдап қалатын «боз тіл» деп те аталады. Қазақ құсбегілері бүркіттің бабын, түріне қарап та анықтайды[5].

Құстың қауһары оның төрт саусағына байланысты. Құсбегілерді қызықтыратында осы саусақтары. «Бас бастайды, аяқ костайды» дегендей аяқ қауһары тегеурінді болмаса, құстың түскен аңына әлі жетпейді. Жуан санның бұлшық етінің тұтамы төрт елі, әрі қысқалау, жұмыр келсе ол күштің белгісі үш елі тұтам, екі елі тұтам да әжептеуір әлді, бірақ бұларға аса мұқият бап керек. Одан төменгі тұтамдар әлсіздер қатарына жатады. Бүркіттің тірегі (тобығы) сіңірлі, тұтам тарасты болса оны тегеуіріні мықты деп атауға, ал тұтам толмайтын аш сирақ болса сендей бүркітті әлсіз деп атауға болады.

Бүркіт қолға екі жағдайда үйретіледі. Біріншісі, балапан кезінде ұядан алып келіп үйретілді. Мұндай бүркітті «қолбала бүркіт» деп атайды. Екіншісі есейген топшысы қатқан бүркітті аумен ұстап алып баулиды. Спорттық жарысқа дайындаған бүркіт біршама қонды, жемге шабытты, сергек болуға тиіс. Сондықтан әр бүркіттің тегіне, қырандығына, мінезіне, жасына қарай берілетін жемнің түрлері болады. Мысалы, «қансоқта», «жылы жұмсақ», «қызыл», «тоят» деген жемдер семірту мен түлекке отырғызғанда құстың еті төмендеп арықтап кеткен кезде беріледі. «Тартпа», «толарсақ» дейтін жемдер бүркітті ширектіру үшін берілсе, «салы бөртпе» құстың бабын бірқалыпты ұстау үшін, «ақ жем» құсты арықтату, ашықтыру үшін беріледі. Бүркітті осылайша жемдеуді қазақ құсбегілері қайыру деп атайды. Қайыру кезінде мүсәтір жұтқызып ішін тазалау, шыршаның бүрін жұтқызып қоялату, мұз жұтқызып ішін салқындату сияқты нәрселер де қолданылады[6].

Аңға шыққан құсбегінің бас қаруы сай болуға тиіс. Бұларға: аяқ бау, балақ бау, тұғыр, балдақ, томаға, саптыаяқ, биялай, бұрау, жемқалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, білеу сияқты құрал-жабдықтары болуға тиіс- ті.

Құсбегілер қыран құсты алдымен далбайға түсіріп жаттықтырады. Далбай дегеніміз әртүрлі ан-құстардың терісінен жасалған тұлыптар.

Құстарды баулығанда осында тұлыптарды сүйретіп ала қашып алдымен осы далбайларға түсіріп үйретеді. Құстың көзін қызықтыру үшін далбайдың бір жеріне шикі ет байлап қояды. Далбайға түсіп әлгі етті жұтқан құста жыртқышты өзім басын алдым дегендей мақтанш сезімі пайда болады.

Бүркіт аңға түскенде ажалмен арпалысқан аңның онайшылықпен жан бермейтіні белгілі: мұндайда түлкі немесе қасқыр ауырған жерін қарш етіп тістеп бүркіттің саусағын қыршып тастайды. Осындай қайсар бүркіттерге құсбегілер темірден немесе жүздері өткір саусақ жасап оны тұқымға кигізеді. Мұндайды аңшылар жезтұяқ немесе темір тұяқ деп атайды.

Бүркіттің құлағы да сергек. Сонау қияда қалықтап жүрген құс несінің дауысын жақсы естиді де оған қарайды. Осындайда құсбегі үнемі жанында жүретін жемқалтадан қызыл ет алып құсын шақырады. Шақырған құс аңшының биялай киген оң қолына немесе ат үстінде құсты әдейі жасалған балдаққа келіп қондырады. Егер аңшы құсын аңға салмайтын болса оған балақ бау салып, томаға кигізеді. Құсбегі бүркітке өте сақ болуы керек. Бабына еніп қызылсыраған бүркітті кейде ауылда үй арасында жүрген қызыл итке де кейде қызыл киім киген бала-шағаға да түседі.

Құс патшасы - бүркіттен басқа сұңқар тектес жыртқыш құстардың үлкен бір тобы да бар. Биологтар бұл тектестерге 58 құстың түрін жатқызады. Қазақ құсбегілері солардың 11 түрін қолға үйретіп саятқа баулыған. Олар ақ сұңқар, лашын, ителгі, бөктергі, каршыға, тұйғын, тұрымтай, жағалтай, күйкентай, қарақылыш.

Сұңқар тектілердің арасында қолға үйретуге қолайлысы Ақсұңқар және Қарасұңқар. Ақсұңқардың сыртқы түсі ақ, сұр, ақсұр, бұрыл, шұбар болып келеді. Кейбіреулері ақшыл,

бозғыл, ақшулан болады, қауырсындарының жебе жағы - сұрғылт көк, көбе жағы ақ шулан. Елі беттерінің шеттері аққылаулаанып шектеледі.

Сұңқардың қарасы қазақ даласында өсіп өз жерлеріміздің төл құсы. Осында ұялайды, осында жұмыртқа басады. Түсі қою, қарасұр. Кейбірінің көзінің айналасы сұрлау алқымы бөртелеу болып келеді. Екі шекелігінің сыртына және самайларына қарасұр сағал өседі.

Сұңқар адамға тез үйренеді. Көбінесе қоян, қарсақ, үйрек, қаз, бұлдырық сияқты ақ-құстарға түседі. Аулаған жемдерін теуіп түсіреді. Тырнақтары өткір, тепкісі қатты. Олар тізіліп ұшып бара жатқан құстарды ілезде апан-топанын шығарып теуіп, жаралап жерге түсіреді. Сұңқар салу саяттың өте қызық түрлерінің бірі. Бұл тұқымы сиреп бара жатқан құс. Шетелдіктер әсіресе Арабтар оны сатып алуға қаржысын аямайды. Сұңқарды ұстау оны сату заңмен қорғалған.

Сұңқардың мекиені 3-4 жұмыртқа табады. Оларды бір айдай басып шығарады.

Сұңқар тектілердің қатарына тағы да бірқатар жыртқыш құстар жатады. Солардың бірі ителгі қазақ саятшылары жиі ұстайды. Ителгінің ту сырты қызғылт-қоңыр, бауыр жағы қызғылт сары. Құйрық қауырсындарының үстінде сопақшалау келген қызғылт қоңыр, жолақтары бар. Мұндай жолақтар оның төсінде де байқалады. Ителгінің тырнақтары өткір, имектері ұзын, тепкісі қатты. Аулаған аң құстарын теуіп түсіреді.

Осы сұңқар тектілердің арасында ең өжетті және қыраны лашын. Түсі қоңыр. Алқымы көгілжім ақ сұр. Балақ жүндері және құйрығының қауырсындарының жолақтар көлденең біткен.

Дене бітімі жағынан лашынға жақындау келген құстар - олар жағалтай мен тұрымтай. Бұл екі құс та көбінесе бұлдырық сияқты ұсақ құстарға, суыр, күзен, балпақ сияқты ұсақ аңдарға түседі.

Саятшылар тез үйрететін құстардың қатарына қаршыға мен тұйғын жатады. Бұл құстар бес құрылықтың барлығында да кездеседі. Ұяларын қия жартастарға, биік ағаштардың басына салады. Қазақстан аумағында жиі кездеседі.

Қазақ халқында саят құрудың бірнеше түрлері бар. Соның бірі «Салбұрын». Бұл бірнеше адам болып бас қосып топтасып аң аулау. Екіншісі «қансонар» - бұл жаңа жауған қардың бетке түскен ізді кесіп керек анының үстінен дал түсу. Таңсонар - бұл ерте тұрып таңғы шықтың бетке түскен ізді кесіп барып аңға құс салу.

Қазақ халқының саят өнері талай ғасырлар бойы жасап келе жатқан озық өнер. Табиғат аясында саят құру денсаулықты нығайтады адамдарның ұзақ ғұмыр кешуіне септігін тигізеді...

Әдебиет:

1. Құлназаров А., Жолымбетов Ә. Қазақстан – спортшылар елі Алматы, «Сөздік-словарь» баспасы 2009 ж.
2. Танкеев М. «От байги до Олимпийских игр», «И-ва» «Қазахстан» 2003 г.
3. Санданов Б.В. Бурятские национальные виды спорта. ТИФПК, 1964 г. №2.
4. Шуриц Г. История первобытный культуры. Вып. 1-2 М., 1923 г.
5. Бабалықов Ж., Тұрдыбаев Ә. «Саят» Алматы 1993 г. «Қайнар»
6. Рақымқұлов М. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері. Алматы 1957 г. Каз. Ком. Издат. 1957 ж.

Шегенбаев Н.Б., Жұматаев О.Қ.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ халқының ұлттық ойындары алуан түрлі, сан қырлы, мазмұнға бай, адам баласының сәбилік шағынан бастап, бүкіл өмірін тұтас қамтуға негізделіп жасалған. Бұл мемлекеттік тәрбие беру мекемелері мен халық жасаған, барлық мәдени іс-әрекеттерді өз